

4-СӨЖ

№ 1 тапсырма

СЫН ЕСІМ

(имя прилагательное)

Имена прилагательные как в русском, так и казахском языке обозначают признаки предметов и употребляются перед именами существительными. Но в казахском языке имя прилагательное, сочетаясь с именем существительным, не изменяется ни по падежам, ни по числам, т.е. не согласуется с ним, а просто примыкает к нему. Например:

қара көйлек «черное платье»

қара көйлектің «черного платья»

қара көйлекке «черному платью»

Так же и в сочетании с притяжательной формой существительного. Например:

менің қара көйлегім «мое черное платье»

оның қара көйлегі «ее черное платье»

біздің қара көйлегіміз «наше черное платье»

В казахском языке имена прилагательные делятся на непроизводные (корневые) или качественные и производные или относительные, образованные при помощи суффиксов.

Непроизводные (качественные) прилагательные выражают различные типы качества и признаки предметов.

Качество и признаки предметов	Примеры
1.Цвет	ақ «белый», қара «черный», қызыл «красный», сары «желтый», көк «синий», жасыл «зеленый», қоңыр «коричневый», сұр «серый»
2.Объем величина	үлкен «большой», кішкене «маленький», кең «широкий», тар «узкий», биік «высокий», қысқа «короткий».
3.Характер или свойство	жуас «смирный», сұлу «красивый», жалқау «ленивый», қатты «твердый»
4.Вкус	Ащы «горький», тәтті «сладкий», дәмді «вкусный», тұщы «пресный», қышқыл «кислый»
5.Форма	домалақ «круглый», жалпақ «плоский», томпақ «выпуклый», қисық «кривой», түзу «ровный», сопақ «продолговатый», қырлы «граненный», дөңгелек «круглый»

Относительные прилагательные являются производными. Они образуются от имен существительных при помощи следующих суффиксов:

	Суффиксы и их значения	Непроизводная основа	Производные прилагательные
1)	-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті указывает на отношение одного предмета к другому	тау «гора» күш «сила» ен «ширина»	тау-лы «горный» күш-ті «сильный» ен-ді «широкий»

2)	-дай/-дей, -тай/-тей указывает на качество предмета относительно другого предмета	бала «ребенок» сүт «молоко» қыз «девушка»	Бала-дай «как ребенок» сүт-тей «как молоко» қыз-дай «как девушка»
3)	лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік образует прилагательные от заимствованных слов	инженер компьютер математика	Инженер-лік «инженерный» Компьютер-лік «компьютерный» Математика-лық «математический»
4)	-сыз/-сіз образует отрицательные прилагательные	бұлт «облако» су «вода» тіс «зуб»	бұлт-сыз «безоблачный» су-сыз «безводный» тіс-сіз «беззубый»
5)	-ғы/-гі, -қы/-кі указывает на отношение во времени	күз «осень» жаз «лето» қыс «зима» көктем «весна»	күз-гі «осенний» жаз-ғы «летний» қыс-қы «зимний» көктем-гі «весенний»

Тапсырма. Мына сөздерге жұрнақтардың тиістісін жалғаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

а)-ты/-ті, ды/-ді, лы/-лі

бас, дала, сәт, көл, түс, дене, сақал, мұрт, бала, дәм, тұз;

ә)-дай/-дей, тай/-тей

бала, ана, су, сүт, күн, әке, қар;

б)-сыз/-сіз

тіл, дәм, бұлт, жел, мұрт;

в)-қы/-кі, ғы/-гі

кеше, бүгін, таңертең, іш, қазір, ертең, түс, соң, сырт;

д)лық/-лік, -тық/-тік, -дық/-дік

қала, минерал, ауыл, дос, жас, өндіріс, кандидат, галантерея, демократ, ұжым;

Лексикалық тақырып: ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан. Қазақстан Республикасының аумағы – 2724,9 мың. шаршы шақырым. Ол батысында және солтүстігінде Ресеймен, оңтүстігінде Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Түрікменстанмен, ал шығысында Қытаймен шектеседі. Елдің солтүстігі орманды, ал оңтүстігі таулы болып келген. Орталық Қазақстанды жазық дала алып жатыр. Қазақстанның Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария сияқты өзендері бар. Ең үлкен көлдері – Балқаш пен Зайсан, ал теңіздері – Арал мен Каспий.

Қазақстан халқының саны – 17 миллионнан астам. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Елде жүз жиырмадан астам ұлттың өкілдері өмір сүреді. Қазақстанның елордасы – Астана қаласы.

Қазақстанның тарихы өте бай әрі қызықты. Оған дәлел – Қазақстанның Отырар, Тараз, Түркістан, Сарайшық, Баласағұн, Йассы, Алматы сияқты басқа да көне кенттері мен шаһарлары, басқа да тарихи-мәдени ескерткіштері.

Қазақстанның табиғи ресурстары мол. Әсіресе, түсті металл, темір, уран, көмір, мыс, мұнай және газ қоры мол.

Қазақстанда өнеркәсіптің металлургия, металл өңдеу, отын-энергетикасы, химия салалары ауыл шаруашылығының егіншілік, мал шаруашылығы салалары дамыған. Қазақстан – ғылымы мен мәдениеті дамыған ел.

Тапсырмалар:

1. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазып, олардың түрін анықтаңыз.

2. Мына сөздер мен сөз тіркестерін оқыңыз, аударыңыз, 10-15 сөйлем құрастырыңыз.

Орталық, аумағы, шаршы шақырым, жердің көлемі, ұланғайыр, Орталық Қазақстан, ең үлкен көл, теңіз, халықтың саны, ұлттың өкілі, елорда, көне кенттер мен шаһарлар, тарихи-мәдени ескерткіш, табиғи ресурстары мол, түсті металл, мыс, газ қоры, өнеркәсіп, отын-энергетикасы, химия салалары, ауыл шаруашылығы, егіншілік, мал шаруашылығы, сала, өмір сүру, орналасу, шектесу, даму, металл өңдеу.

3. Дұрыс па? Бұрыс па?

1. Қазақстан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан.
2. Қазақстан Республикасының аумағы – 2724,9 мың. шаршы шақырым.
3. Қазақстан халқының саны – 25 миллионнан астам.
4. Батысында және солтүстігінде Қытаймен, оңтүстігінде Қырғыстанмен, Өзбекстанмен, Түркіменстанмен, ал шығысында Ресеймен шектеседі.
5. Елдің солтүстігі – жазық дала.
6. Ал оңтүстігі таулы болып келген.
7. Қазақстанның Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария сияқты көлдері бар.
- 8.Ең үлкен теңіздері – Балқаш пен Зайсан, ал өзендері – Арал мен Каспий.
- 9.Қзақстан - көп ұлтты мемлекет емес.
- 10.Елде жүзжиырмадан астам ұлттың өкілдері өмір сүреді.
- 11.Қазақстанның елордасы – Астана қаласы.

4. Мәтінді пайдаланып толықтырыңыз.

Көне қалалары:

Табиғи ресурстары:

Өнеркәсіп салалары:

Ауыл шаруашылығы:

5. Тақырып бойынша диалог құрастырыңыз.